

Ә.М. Өскен

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: asem_a7_95@mail.ru)

«Жәдит» әдісі және Алаш оқымыстыларының алғашқы оқулықтары

Аңдатпа. ХХ ғасырдың басында қазақ жерінде Алаш қозғалысының рухани серпілуіне себепкер - «жәдит» әдісі мен танымы еді. Жәдитшілдіктің негізін қайраткер қырым татары, танымал баспагер, оқымысты Исмаил Гаспринский салды. Бұл әдіс мұсылман халқының мәдениетінің, білім-ғылымының дамып, нығаюына тікелей әсер етті. Мұсылман халықтарының ішінде сауатсыздықты жою – сол замандағы тек татар халқына ғана емес, барлық Ресей мұсылмандарына ортақ мәселе болатын. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында «жәдитшілдік» (жаңа оқу әдісі) қозғалысы Қазақстанға да келді. «Жәдитшілдіктің» қазақ жерінде негізін салушылар – Алаш зиялылары. Ресейлік түркі дүниесінің реформаторы Гаспринскийдің де, Алаш арыстарының да баға жетпес асыл мақсаты – ұлттық құндылығын сақтай отырып өркениетті елдердің мәдениеті арқылы, сауатты да білімді ұрпақ қалыптастыру. Гаспринскийді өзіне ұстаз тұтқан Алаш арыстары оның халықты жаппай сауаттандыру мен ұлтты ояту идеясына құрылған жаңа игі бастамаларын өздеріне бағдаршам ретінде ұстанды. Ал, бұл қозғалысқа Алаш зиялыларының көсемі ғалым Әлихан Бөкейхан жетекшілік жасады. Алаш оқығандары ағартушылықты дамытуда жетекші рөл етіп – халықты жаппай сауаттандыруды, ғылымның әр түрлі саласымен таныстыруды алға қойды. Соның нәтижесінде көптеген оқулықтар жазылып, халық мәдениетінің өркендеуі мен оқу-ағарту саласының жетіліп-өсуіне зор үлес қосылды. Алаш оқулықтарының ерекшелігі – ғылымды оқушыға оңай жолмен түсіндіруінде еді. Ал, Алаш оқымыстыларының негізгі мақсаты – өздері құрастырған оқулықтары арқылы білімді, көзі ашық ұрпақ тәрбиелеу болды.

Кілт сөздер: жәдитшілдік, жаңа әдіс, Ресей мұсылмандары, Алаш оқулықтары, оқу-ағарту.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-139-2-168-176>

Кіріспе

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында мұсылман халықтарының басым көпшілігі ұлт ретінде жойылудың алдында тұрды. Сол заманда мұсылман жұртының ішінде ең сауаттысы һәм білімдісі болған татар және қырым татар жұрты да Ресей патшалығының тарапынан ұлттық езгіге түсіп, ұлт

ретінде жойылып бара жатты. Алайда И.Гаспринский, С.Мақсұдов, Ғ.Исхаков, М.Бигиев, Ә.Топшыбашев т.б. елшіл азаматтар ұлттық езгіден арылудың жолын ұсынып, әр тараптан бас көтере бастады. Олар түбі бір түркі жұртының саяси күштерін біріктіру арқылы, ұлттық езгіден құтылудың жолын анықтады. Ол үшін ұлтына адал ұрпақ тәрбиелеп, «ұлт мәселесін» қолға алу керек деп шешті. Мек-

тептерде тәрбие арқылы білім беру жүйесін қалыптастырып, ана тілінде білім беру мәселесіне баса назар аударды. Татар зиялы қауым өкілдері мұсылман ағартушылығын отаршыл патша өкіметінің білім саласындағы саясатына балама күш ретінде дамыта алды.

XX ғасырдың бастапқы жылдарында татар оқымыстысы Ф.Н. Агиев: «Қытайдан Моккоға дейін, Каирдан Уфаға дейін исламда қозғалыс басталды. Надандық кезеңін ағарту дәуірі алмастырды. Езгі мен зұлымдық орнын еркіндік пен әділдікке босатып беріп отыр. Әлемнің күллі мұсылманы осы сәтті пайдалануы керек. Діннің тағдыры осыған байланысты: қимылдаса қайта өрлейді, әрекетсіз жатса мүлде жоғалады» [1, 50], - деп жазды. Күллі Еуропада, яғни батыста жаңа дәуір басталғанда, татар және қырым татар халқы да әлемдік көштен қалғысы келмеді. Олар өздерінің ұлт ретінде жойылып бара жатқандығының себебі – діннің әлсіреуінен, ал халықтың надандығы – білім беру жүйесінің әлсіздігінен деп түсінді.

Тарихтың осындай жауапты кезеңінде қырым татары Исмаил Гаспринскийдің бастауымен жәдитшілдік қозғалысы жанданып, мұсылман халықтарына тез тарады. Ол қазақ жеріне де игі ықпал етіп, Алаш ағартушылығының іргетасын қалды.

Зерттеу әдістері

«Жәдит» термині XIX ғасырдың екінші жартысында өмірге келді. «Жәдид-и» арабтың «жаңа» деген мағына беретін сөзі. Қырымдағы Бақшасарайдың Зинджирлы медресесінде басталған осы жаңаша оқыту әдісі санаулы жылдарда Ресейдің күллі мұсылман аймағына, тіпті шетел – Үндістанға да тарайды» [1, 55], - деп жазады алаштанушы профессор Д. Қамзабекұлы.

«Усул-и жәдид» (дыбыс жүйесі) Ресей мұсылмандары үшін жаңа әдіс болды. Бұған дейін Қайым Насыри мен оның шәкірттері тарапынан оқытуда буын әдісі қолданылып келгендіктен, енді осы екі оқу әдісі арасында күрес басталады. Тарихта «қадымшылар» мен «жәдитшілдер» деп аталып кеткен екі түрлі бағытты ұстанғандардың, яғни ескі және жаңа

әдістің арасында текетірес күшейе түсті. Алайда халықтың көпшілігі «усул-и саутиях» әдісін қолдануды өздеріне пайдалы деп тапты. Соның нәтижесінде, түрлі мектептер ашылып, олардың бағыты «усул-и жәдид» деп аталды.

XX ғасырдың басында салыстырмалы түрде Ресей мұсылмандарының арасында ең білімді халық қазан татарлары жаңа білім беру әдісіне ерте көшті. И.Гаспринскийдің бұл оқу жүйесі көптеген мұсылман жұртының білім саласына жаңа серпін, жаңғыруларға алып келді. Ресей қарамағындағы түркі халықтары ұлт болып қалыптасу, тілін, дінін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап қалу жолындағы қозғалыстары мен серпілістері Орталық Азиядан да бой көрсете бастады. Ол қозғалыс Семей, Ақмола, Орал, Закаспий, Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқанд облыстары мен Астрахан губерниясында елеулі нәтижеге жетті.

XIX ғасырдың соңында И.Гаспринский жәдиттік әдіспен «Мирәт-и жәдид» («Жаңартылған айна»), «Салман-и түрки» («Түркі жылнамасы»), «Ходжа-и субян» («Балалардың мұғалімі»), «Қирағат турки» («Түрік хрестоматиясы»), «Сарф-и турки» («Түркі грамматикасы») атты оқулықтар жазып-құрастырып, білім саласында зор бетбұрыс жасады. Ал, Қазақстанда жәдитшілдік XX ғасырдың басында өз нәтижесін бере бастады. Жәдитшілдік бағытта білім алған оқымыстылар қазақ мектептері мен медреселеріне арнап жәдиттік бағытта бірнеше оқулықтар жазды. Мұхаммед Ораздың «Усул саутиях тәртібінде қазақша әліппе» (1910), С.Көбеевтің «Үлгілі бала: қазақша оқу кітабы» (1916), Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914-1916), «Әліпби» (1912) оқулықтары мен оқу құралдарын жәдиттік бағыттағы білімді оңтайлы үйрену әдісімен жазылған оқу құралдары деп айта аламыз.

Бұрын қадымша оқып, бірыңғай Құран сөздерін жаттап жүрген қазақ оқушылары бұл оқулықтарды тез меңгеріп, оқып-жазуды оңай үйреніп шықты.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан Мәскеуде ұйқамақта отырып 1923 жылы Дінше Әділұлына былай деп хат жазды: «Бауырым Дінше! Хатыңды алдым. Қуанып қалдым. «Шолпанға»,

«Темірқазыққа» неге мақала жазбайсың? Сендей білімі бар жазбаса, кім жазады? Не балаларға сабақ беріп, не жорналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой» [2, 266]. Мұның астарында ХХ ғасыр басындағы ұлт азаттық күреспен жалғасқан Алаш оқығандарының табанды еңбегі тұрғаны даусыз.

«ҚазАСК Республикасының Халық ағарту комиссары А.Байтұрсынұлының төрағалығымен 1921 жылдың 31 қаңтарында Орынбор қаласында зиялы қазақ азаматтарының мәжілісі өтті. Жиында қаралған басты мәселе 1-ші һәм 2-ші буын мектептер үшін оқулық даярлау ісі болды... Тарихи деректе қазақ зиялылары оқу құралдарын жазып, тәржімалап июньнің 1-не шейін бітіру керектігі, кітаптардың келер оқу жылының басына шейін даяр болып тұруы, оны дайындайтын азаматтар айына екі рет жиналып, жұмыстарының мән-жайын баяндап отыру қажеттігі туралы А.Байтұрсынұлы қол қойған шешім бар» [3]. Қаңтар айында берілген тапсырма шілдеде дайын болуы керек еді. Алайда алты айдың ішінде сапалы бірнеше оқулық жазу мүмкін емес жағдай. Сол үшін де Алаш арыстары орыс оқымыстыларының оқулықтарын аударуға бел буды.

Мақаланың мақсаты

Қазір бізде «Алаш оқымыстылары жазған мектеп оқулықтары» деген мәліметке қарап, көпшілік қауым: «Алаш зиялылары мектеп оқулықтарын бірыңғай өздері жазды» деп топшылайды. Бұл аса нақты мәлімет емес. Алаш оқымыстылары лингвистика, қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихына байланысты оқулықтардан басқасын, яғни жаратылыстану, техникалық бағыттағы оқулықтарды көбіне орыс тілінен аударды. Қазақы ұғымға сай етіп жатық тілмен аударуға тырысты. Рас, оқулықты аудару үлкен еңбек пен білімді, ізденісті талап етеді. Педагог Ү.Алтынсарин - Н.И.Ильминскийдің, И.Гаспринский - К.Д.Ушинскийдің оқулықтарын аударғанын ескерсек, Алаш арыстарының да орыс тілін-

дегі оқулықтарды қазақ тіліне аударуы әлем тәжірибесі мен қазақ қоғамы үшін қалыпты жағдай еді. Алаш оқымыстылары оқулықтарына тән ортақ сипат - жаңа, яғни жәдиттік әдіспен, жеңілден қиынға қарай, оқып-жазу арқылы білім-ғылымды үйрену болды. Ал, енді осы ХХ ғасырдың басында жазылған, орыс тілінен қазақ тіліне аударылған оқулықтарды саралап, жіктеп, талдап көрсетейік.

Талқылау

Ұлттың ояну дәуірінің бастауында тұрып қазақ оқушысының ана тілінде сауат ашуын қалаған Ахмет Байтұрсынұлы 15 шақты оқулық жазды. Сонымен ол Телжан Шонанұлымен бірігіп «Оқу құралы» атты еңбекті өмірге әкелді.

Т. Шонанұлы мен А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» аударма емес. Оған оқулықты оқу барысында нақты көз жеткіздік. Себебі, оқулықта тек қазақтың ауыз әдебиеті мен дүниені тану көзқарасы берілген. Сол заманда-ақ орыс ғалымдары осы оқулықтың мазмұндық, құрылымы мен әдістемелік жағынан тиімді жазылғанын, мұндай әдіспен еңбек сирек кездесетінін таңдана атап көрсетті. Бұл оқулықтың өзге кітаптардан ерекшелігі: жаратылыстану және танымдық (гуманитарлық) ғылымдарды байланыстырып, бір кітапқа жинақтағанында болып тұр. Оқулықтың алғашқы бөлімінде қазақ ауыз әдебиетін жинақтағанда, екінші бөлімінде табиғаттағы жаратылыстарды ғылыми дәлелдер арқылы түсіндіреді. ХХ ғасырдың 20-жылдарында білім беру жүйесі толық қалыптаспаған қазақ қоғамында ғылымды абстракты тұрғыдан түсіндіретін дәл осындай оқулық ауадай қажет еді. Кейін ғылымдар жаратылыстану ғылымы мен танымдық әдебиет бөлініп, жеке пәндер оқытыла бастағаннан соң, мұндай оқулықтар баспа бетінде қайта жарияланбады.

«Оқу құралы» «Әдебиет және тұрмыс пен еңбекке қатысты» және «Ғылымға, ғылыми танымдарға қатысты материалдар» деген екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде ХІХ-ХХ ғғ. қазақ ауыз әдебиеті, қазақ ақын-жазушыларының өлең-жырлары мен би-шешендердің

нақыл сөздері берілген. Екінші бөлімде көне замандағы жабайы адамдардың от жағу, аң аулау, егін егу, қару-жарақтарды пайдалану кезеңі материалдары ұсынылған. Сонымен қатар, өз заманының тұрмыс-салты мен тарихи оқиғалары баяндалып, мәліметтер келтіріледі. Оқулықтың екінші бөлімі тарихпен, қоғаммен, жаратылыстану ғылымымен тығыз байланысты. Жалпы, бұл - оқушының танымын арттырып, білімін көтеретін оқулық.

Жаратылыстану бағытындағы оқулықтарды аударуға Әлихан Бөкейхан да зор үлес қосты. Ол француз ғалымы К. Фламарионның «Астрономия әліпшесі» (1924), Д. М. Грабенің «Дүниенің құрылысы» (1926), Т. Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы» (1926) атты оқулықтарын «Қыр баласы» деген атпен қазақшаға аударды. Орыс ғалымы Д.М.Грабеден аударған «Дүниенің құрылысы» атты оқулығы – қазақ оқушысына арнап жазған жаратылыстану бағытындағы алғашқы оқулықтардың бірі. Оқулық 54 беттен тұрады.

Оқулықтың бірінші ерекшелігі – қазақтың түсінігіне сай, халықтың ұғымында бар заттар мен дүниелерді мысал етіп, жеңіл тілмен түсіндіруінде.

«Планеттер» деген бөлімін Ә.Бөкейхан: «Бұлт жоқ ашық түнде жазық далаға шығып аспанды қарастырсақ, тозған қарша үйдің жыртығындай көп жарық жұлдыздарды көреміз» [5, 220], - деп бастайды. «Тозған қарша үйдің жыртығындай», - деген теңеуді оқыған оқырманның көз алдына тозығы жеткен қараша үйдің сансыз көп жыртығы елестейді де, әрі қарай қиялы ұшқыр оқушы материалды жеңіл түсініп, жылдам игеріп кетері анық.

«Жершілер жерді өлшейді. Жер доп, Жер түйенің құмалағындай. Құмалақты шимен тап ортасынан түйреп ар жағына өткізіп алайық. Шидің құмалаққа бойлағаны – құмалақтың жуандығы, көлденені (диаметрі - Ә.Ө.) делік. Жердің осындай көлденені – 12 мың 700 километр (14 шақырым = 15 километр. Қ.Б)», - дейді оқулық авторы. Тіршілігі төрт-түлік малмен тығыз байланысты қазақ баласы үшін «домалақ түйенің құмалағы» - өте түсінікті дүние. Тіпті бұл оқулықты ХХ ғасырдың басында малын жайғастырған қарапайым қойшы-оқы-

рман тәжірибе ретінде құмалақтың ортасынан ши өткізіп көре де салады. Күнделікті тұрмыстық болмыспен тығыз байланысқан тақырып, оқушының есінде ұзақ сақталары сөзсіз.

Оқулықтың екінші ерекшелігі – терминдер мен ұғымдардың барынша қазақшаланғандығы. Мысалы: телескоп – қырағы түтік, касиопеяны – ұялы жұлдыз, большая медведицаны – жетіқарақшы, Венераны – Шолпан, «Планеты в центре формулы души» дегенді – «Қолтықтағы планеттер» (Шолпан мен Меркурий), Румынияны – Ром елі, астрономды – астрономшы, жұлдызшы; географияны – геограпие немесе жағрафия; Иса пайғамбарды – Айса пайғамбар, Менделеевті – Менделейұлы, Грабені – Грабеұлы; овен – арқар, телец – бұғы, близнецы – егіз, рак – шаян, лев – арыстан, дева – қыз, весы – таразы, скорпион – жарақұрт, стрелец – мерген, козерог – серкемүйіз, водoley – сукұй, рыба – балық болып сауатты аударылған. Бұл «қыр баласы» - Ә.Бөкейханның шеберлігі.

Оқулықтың үшінші ерекшелігі – ішкі мазмұны. Аудармашы-автордың аудармадағы ең басты еңбегі – оқулықтың мазмұнын, мәнін, құнын жоғалтпай, оқушының ұғымына сай бере білуінде. Әрбір тақырыпта – ғарыш аймағына байланысты ашылған жаңалықтар, сол жаңалықтарды кімдер және қалай ашқандығын баяндап, кейбіреуін суреттермен ұсынған. Сонымен қатар, оқушыға ғылыми ой-пікірлердің түсінікті болуы үшін оқулық авторы, оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында, миф-аңыздарға тоқталып отырады. Мысалы: «Күннен санағанда екінші, Меркурийдің сыртында Күнді айналған планет – ром елі сұлулық құдайының атын қойған – «Венера». Бұл біздің «Шолпан»; «Жердің сыртында планет – Марс. Марс – ром елінің соғыс құдайының аты», т.б.[5, 224]

Ә.Бөкейхан аударған «Дүниенің құрылысы» оқулығында тақырыпты неғұрлым жеңіл тілмен түсіндіру, сөздер мен терминдерді қазаша баламалау мен оқулық мазмұны мен құнын жоғалтпай аудару білу – елеулі ізденістің арқасы. Дәл осы ерекшеліктер Алаш оқымыстыларының басқа да жаратылыстану бағы-

тындағы оқулықтарда да кездеседі. Мысалы, геолог-ғалым, академик Қаныш Сәтбайдың 1924 жылы жазған «Алгебра» оқулығын алып қарайық. Мұны қазақтың болашақ академигі орыс математигі А.П.Киселевтің «Алгебра» оқулығынан аударып-жазды.

«Алгебра» оқулығында қазақ оқушысына түсініксіз сөздер мен терминдер қазақша жеткізілген. Әсіресе, мәселе есептерді қазақи ұғыммен беріп, қарапайым сөздермен құлпырта аударған. Мәселен, «Бірінші дәрежелі бір белгісізді теңдеулерді шығару» деп аталатын бөлімінде мына төмендегі мәселе есептерге назар аударайық:

«Үш тұяқ күмістің салмағын қоссақ 33 қадақ болады. 1-ші тұяқ қалғандарынан үш қадақ ауыр. Тұяқтардың әрқайсысының салмағы неше қадақтан болғаны?»

Екі ауылдың қойларының жалпы саны – 220, егер де 1-ші ауыл 2-ші ауылға – он төрт қой берсе, екі ауылдың қойы теңесер еді, әр ауылда неше қойдан болған еді?

Саудагер бар пұлын 2760 теңгеге сатқанда, барлық 15% пайда табады. Пайдасы қанша болғаны?» [6, 177], - деген сияқты мәселе есептерде қазақтың танымына сай сөздер көп кездеседі.

Бірінші есепте, «тұяқ» және «қадақ» деген сөздерді қолданады. Қазақтың ұғымында «тай тұяқ», «қой тұяқ» деген сөздер кездеседі. Ал, бұл есептегі «үш тұяқ күмістің салмағы» дегені – «қой тұяқ». Көлемі – қойдың үш тұяғындай күмісті салыстырмалы түрде беріп отыр. Ал, екі жүз грамға тең салмақ өлшемін қазақ «қадақ» деп атаған.

Қ.Сәтбай сол замандағы қолданатын «қарыс (19-20 см)», «сүйем (17-18 см)», «үш торсық су (2,5 литр)», «қадақ (200 гр)», «елі (2 см)» сияқты өлшем атауларын қолдану арқылы есептерді қазақ оқушысының таным-түсінігі мен тұрмыс-тіршілігіне сай құрастырған. Автор екінші есепте, қазақ ұғымына әлде-қайда түсінікті «қойды» алады. Бұл «мәселе» есептерге қарап сол кездегі көшпелі қазақтың тұрмысында «төрт-түлік малдың» маңызды болғандығын байқай аламыз. Ал, үшінші есептегі «саудагер» сөзі арқылы ХХ ғасырдың

басында қазақ жерінде сауда-саттық кәсібінің ерекше орын алғандығын көрсетеді.

Қ.Сәтбай «Алгебра» оқулығындағы есептерді қазақтың мәдениетіне, таным-түсінігіне сай, оңайдан жеңілге қарай, яғни, есептерді неғұрлым оңай жолмен беруді мақсат еткені сөзсіз. Сонымен қатар, оқулық авторы «Алгебра» пәнін ғылымының басқа салаларынан бөлмей, үнемі бір-бірімен байланыстырып отырады. Оны оқулық авторы тікелей айтпай, белгілі бір тақырыпты түсіндіру барысында оқушының тез түсінуі үшін басқа да пәндермен сабақтастыра түсіндіреді. Мәселен:

«Адам өміріндегі барлық өзгерістер, табиғаттағы түрлі көріністердің бәрін байқасақ, үнемі біріне бірі байлаулы тетікті болып отырмақшы. Өмірдегі күштің бірін өзгертсек, басқалары да белгілі ретпен өзгеріп отырмақ. Табиғат өзгерістерінің тәртібін, адам өміріндегі, айналадағы болып жататын түрлі көріністердің, шама байланыстарын тауып, өзгерістердің тетігін ашып, «теңдеу» түріне, не функция ретінде тәртіпке әкеліп зерттеп отыру, қай ғалымның болсын негізгі мақсатының бірі. Соңғы уақыттағы өнердің дәуірлеуі: алдымен табиғаттағы осындай шама көзімен қараудан туып отырғандығы мәлім» [6, 168], - деп, оқулық авторы сондай табиғи іліктестіктің болмысын айтып отыр. Яғни, аспан әлемі, жер шары, табиғат, адам мен қоғам есеп көзімен қарасақ та бір-бірімен тығыз байланысты. Барынша қарапайым және ғылыми негізі өте терең тұжырым екені аңғарылады.

Нәтижелер

Алаш зиялылары жай ғана ақпарат беретін оқулық емес, қазақ оқушысының танымын арттыратын, ұлттық тәрбие беретін қайталанбас оқулықтар жазды. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926), Ж.Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология. Жан жүйе» (1926), М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулықтары - тұнып тұрған танымдық және тәлім-тәрбие құралы. Бұларда «білімнен бұрын тәрбие» деген ұстаным негізгі арқау екені көрініп тұр. Осы орайда, әл-Фарабидің

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі ойға түседі.

Ж.Аймауытұлының «Психология. Жан жүйе» атты ғылыми-танымдық оқулығында адам жаны мен тәнін бөлек дүние ретінде қарастырады. Адамның жанына, оның психологиясына, яғни жан жүйесіне үңіледі. Сондай-ақ, адамның жаны мен рухына байланысты айтылған қазақ данышпандарының нақыл сөздері мен өлеңдерін келтіреді:

«...Кейбір ойшылдар адамның «мен» дегені «жан» болу керек. «Тән» (дене) – «менікі» болу керек деп ұққан.

Ақыл мен жан – «мен өзім», «тән» - «менікі», «мені» мен «менікінің» мағынасы екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, оған беки, -

дейтін Абайдың фәлсәфәсі осыдан келеді» [7, 8-9], - деп, ұлы ақын А.Құнанбайұлының өлеңін мысал етеді. Автордың «мен – жан, менікі – тән», - деп, адам жанының тәннен қаншалықты маңыздылығын шығармалары арқылы беріп отырған қазақтың бас ақыны Абайдың өлеңін келтіруі – автордың қазақ оқушысының ұғым-түсінігін тереңнен білгендігінің айқын дәлелі.

Ж. Аймауытұлы осы оқулығында барлық ғылымдарды бір-бірімен байланыстырады. Сондай-ақ, әлемнің танымал данышпандары мен оқымыстыларының өмірлерінен естеліктер келтіріп және олар жазған кітаптардағы құнды дүниелерді мысал ретінде беруді де керек деп біледі. Ол: «Дарвин айтады: «Отызға келгенше, тіпті одан да соңырақ кездерде әдебиеттің» көп түрлерін оқығанда түшіркендіруші еді. Шәкірт күнімде Шекспирдің драмаларын оқып, қатты рақаттанушы едім, суреттерді қызықты көруші едім. Әуез өнері (музыка) одан да артық жанымға сусын беруші еді. Мен өлең атаулыдан бір жол оқымағалы, оқуға мойным жар бермегелі көп жылдар өтті. Жуырда Шекспирді тағы да оқып байқайыншы деп қолыма алып едім, маған бір түрлі мылжың, ішің пыстырарлық көрінді, аздан соң тіпті жүрегім айныды. Сурет те, музыка да маған су татып кеткен тәрізді. Енді байқасам менің рухым теріге болмыстарды (факт), диір-

менше тартатын бір машинаға айналыпты. Жоғарыда айтылған өнерлерден ләззат алатын мидың бөлімін бірыңғай білім қызметі қалайша істен шығарып тастағанын білмеймін... Ол ләззаттардан айырылу бақтан айырылумен бір бәс. Оның кесірі ақыл зейінге де тиеді. Табиғатымыздың зейін жағы әлсірей берсе, адамгершілігімізге де зияны күшті болуға мүмкін», - дейді» [7, 146]. Ж.Аймауытұлы тек ғылыми анықтамалармен ғана шектеліп қалмай, қоғамдағы мысалдар немесе ғалымдардың және өздерінің өмірлік тәжірибесінен де көптеген мысалдар келтіреді. Ал, бұлай жазу оқушыға әлде қайда түсінікті және оқушының танымының өсуіне мол ықпал етері де сөзсіз.

Ж. Аймауытұлының аталған оқулығының тағы бір табысы - анықтамалар мен ғылыми терминдерді түсіндіргенде қазақ оқушысына таныс көне шығыс аңыздарды қолданады. «Арабтың «Ләйлі – Мәжнүн» дейтін қиссасы бар. Мәжнүн шотпақ қара шұбар кісі екен. Келбеті адам сүйерлік кісі емес. Соған сонша несіне ынтық болдың дегенде, Ләйлі: «Менің көзіммен қарасаңдар, сендер де ғашық болар едіңдер», дейді-мыс. Міне, түйсіктеудің осындай өлшеуіші бар, осы өлшеуішті «апперсепсия» деп атайды» [7, 184], - деп, автор әлемнің әйгілі мәдени жауһарын мысал ету арқылы терминнің мәнін ашады.

Алаш зиялылары оқулық жазуда елеулі мектеп қалыптастырды. Ғылымның барлық саласынан хабар беретін оқулықтар жинақтанды. Ал, біз Алаш ардақтылары жазған жоғарыдағы оқулықтарымен ғана шектелмейміз, себебі ұлтын сапалы білім, саналы тәрбиеге жеткізу жолында жазған оқулықтары біршама мол. Сөзіміз дәлелді болу үшін 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында М.Дулатұлы берген «тіл мен әдебиет» бағытындағы оқулықтар мен оқу құралдардың тізімін қарайық:

Ахмет Байтұрсынұлының «Әліп-би» (Қызылорда, 1926); «Тіл – құрал» (Қызылорда, 1925, 39 б., 121б.; 73 б.), «Сауат ашқыш» (Орынбор, 1924, 114 б.; Қазақ мұғалімдері үшін «Баяншы» (Қазан, 1920, 15 б.), «Әліппе астары» (Орынбор, 1924, 26 б.). Телжан Шонанұлының «Шала сауатты ересектер үшін оқу құра-

лы». (Қ, 1925, 5 б.), Байтұрсынұлы мен Шонанұлының «Оқу құралы» (Қызылорда, 1925), «Орысқа қазақ тілін үйреткіш» (Орынбор, 1925, 99 б.).

Халел Досмұхамедұлының «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Табиғат тану» (Т. 1922, 127 б.), «Жануарлар» (Т. 1922, 184 б. I бөлім), «Жануарлар» (Т. 1922, 126 б. II бөлім), «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм» (Ташкент, 1924, 53 б.).

Міржақып Дулатұлының «Оқу құралы» (Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын қирағат кітабы, Орынбор 1924. 126 б.); «Есеп құралы» (Орынбор, 1925, 98 б.).

Мағжан Жұмабайұлының «Тарту» (Ташкент, 1924, 125 б.), «Бастауыш мектепте ана тілі» (Ташкент 1923, 19 б.), «Педагогика» (Ташкент, 1923, 108 б.).

Жүсіпбек Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші» (Бала оқытушыларға, Орынбор, 1924. 186 б.).

Нәзір Төреқұлұлының «Жаңа әліп-би неге керек?» (Мәскеу, 1925. 88 б.).

Қошмұқамбет Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» (Мәскеу, 1924. 72 б.).

Бұлардың біразы ғылыми айналымға енді. Сонымен бірге енбегені де аз емес. Ең басты жұмыс - оларға берілетін ғылыми түсініктерде.

Алаш оқымыстылары жазған оқулықтарды жүйелі түрде зерттеу – бүгінгі алаштану ғылымының алдында тұрған келеді міндет. Бұл іс болашақта жүйелі түрде жүзеге асырылады деп үміттенеміз.

Қорытынды

Сонымен, Алаш оқымыстылары тарапынан жазылған оқулықтар қазақ баласының ғылым-білімді игеруіне айрықша ықпал етті, мол көмегін берді. Ұлт зиялылары оқулықтар мен оқу құралдары арқылы, біріншіден, ғылым әліппесін білетін сауатты, білімді, саналы, көкірегі ояу, көзі ашық ұрпақ тәрбиелеп шығарды. Екіншіден, қазақ оқушысын ана тілінде оқулықтармен қамтамасыз етіп, ұлт мектебіне жағдай туғызды. Үшіншіден, білім берудің әдіс-тәсілдерін ғана емес, білімнің негізі – теориялық қағидаттарды сіңірді. Төртіншіден, оқушының ана тілінде сауат ашуына ықпал етіп, қоғамның, әлеуметтің ой танымын, парасат-түсінігін қалыптастырды. Бесіншіден, Алаш зиялылары оқулықтың мазмұнын шеберлікпен аударып, баланың таным-түсінігі мен жас ерекшелігіне сай оқу материалдарын дұрыс сараптай білді. Алтыншыдан, балаға білімді сірескен қиын тілмен емес, мүмкіндігінше жеңіл де орайлы тілмен жеткізді.

Қорыта келгенде айтпағымыз: XIX ғасырдың II жартысында Ресей мұсылмандары ішіндегі қырым татарларынан бастау алған оқытудың жаңа оқыту әдісі - жәдит Алаш оқымыстыларының тәжірибесі арқылы салалана түсті. Мұның айқын дәлелі - Алаш зиялылары жазған мектеп оқулықтары. Бұл еңбектер қазақ оқу-ағарту саласында бетбұрыс жасап, аса ауқымды игілікті жұмыстардың іргетасы болды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Алматы: Ел шежіре, 2008. – 357 б.
2. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Сочинения. Т. XI. – Астана: Сарыарқа, 2016. - 573 б.
3. Кемеңгер Қ. Алаш және алғашқы оқулықтар // qamshy.kz [Электронды ресурс]. – 2017. URL: <https://qamshy.kz/article/26644-alash-dgane-alghashqy-oqulyqtar>
4. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
5. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Сочинения. Т. XII. – Астана: Сарыарқа, 2016. -564 б.
6. Сәтбаев Қ.И. Алгебра. Оқу құралы: 1924. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2009. – 442 б.
7. Tomohiko Uyama. Repression of Kazakh Intellectuals as a Sign of Weakness of Russian Imperial Rule. Cahiers du monde russe (2015). URL: <https://doi.org/10.4000/monderusse.8216>
8. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. / Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау. Т. IV.– Алматы: Ел-шежіре, 2013.-384 б.

А.М. Оскен

*Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан***Метод «Джадид» и первые учебники ученых Алаша**

Аннотация. Джадидизм дал мощный толчок в начале XX века на казахской земле духовно-культурному возрождению национально-освободительного движения «Алаш». Основу метода «усул-и-джадид» заложил известный крымско-татарский просветитель, издатель, ученый Исмаил Гаспринский. Этот метод напрямую повлиял на развитие и укрепление культуры, образования и науки мусульманского народа. Среди мусульманских народов ликвидация безграмотности народа была общей проблемой не только для татарского народа, но и для всех мусульман России того времени. В конце XIX и начале XX веков пришло движение «джадидизм» (новый метод обучения) и в Казахстан. Основоположниками «джадидизма» на казахской земле были интеллигенция Алаш. За всю сознательную жизнь и крымско-татарского реформатора Гаспринского, и интеллигенции Алаш имели только одну бесценную благородную цель. Это: формирование грамотного и образованного поколения через культуру цивилизованных стран с сохранением «национальной ценности» нации. Алашская интеллигенция взяла на себя все новые добрые начинания И. Гаспринского, построенные на идее массового просвещения населения и пробуждения нации. А руководил этим движением Алихан Букейхан, которого интеллигенция Алаш считала своим лидером. Интеллигенция Алаш играла ведущую роль в развитии просвещения-массово просвещая население, знакомя их с различными областями науки. В результате алашские ученые написали множество научных учебников, внесли большой вклад в развитие культуры казахского народа и развитие сферы образования. Особенность учебников Алаш заключалась в том, что они легко объясняли науку своему ученику. А основной целью алашских ученых было воспитание образованного поколения через созданные ими учебники.

Ключевые слова: джадидизм, новый метод, российские мусульмане, учебники Алаша, образование.

А.М. Osken

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan***«Jadid» method and the first textbooks of scientists Alash**

Annotation. At the beginning of the 20th century, the «Jadid» method marked the beginning of the Alash movement in the Kazakh land. The basis of the «Jadid» method was laid by the Tatar scientist Ismail Gasprinsky. This method directly influenced the development and strengthening of the culture, education and science of the Muslim people. The elimination of the illiteracy of the people was a common problem not only for the Tatar people, but also for all Russian Muslims of that time. At the end of the 19th and the beginning of the 20th centuries, the movement «Jadidism» (a new method of teaching) also came to Kazakhstan. The founders of «Jadidism» on the Kazakh land were the intelligents of Alash. During the entire adult life of both the Tatar reformer Gasprinsky and the intelligents of Alash had only one priceless noble goal. This is: the formation of a literate and educated generation through the culture of civilized countries with the preservation of the «national value» of the nation. The intelligents of Alash took on all the new good beginnings of I. Gasprinsky, built on the idea of mass enlightenment of the population and the awakening of the nation. And this movement was led by the scientist A. Bokeikhan, whom the intelligents of Alash considered its leader. The intelligents of Alash played a leading role in the development of education-massively educating the population, introducing them to various fields of science. As a result, Alash scientists have written many scientific textbooks, made a great contribution to the development of the culture of the Kazakh people and the development of education. The peculiarity of Alash textbooks was that they easily explained science to their student. And the main goal of the Alash scientists was to educate the educated generation through the textbooks they created.

Keywords: jadidism, a new method, Russian Muslims, Alash textbooks, education.

References

1. Qamzabekuly D. Alashtyn ruhanı tугyry. [Spiritual basis of Alash] (Almaty: El shejire, 2008, 357 p.). [in Kazakh]
2. Bokeyhan A. Shygarmalary [Works], XI. (Astana: Saryarqa baspasy, 2016, 573 p.). [in Kazakh]
3. Kemenger K. Alash jane algashqy oqulyqtar [Alash and the first textbooks]. [Electronic resource] - Available at: <https://qamshy.kz/article/26644-alash-dgane-alghashqy-oqulyqtar> (Accessed: 19.07.2017) [in Kazakh]
4. Isimaqova A. Alash adebiettanuyi [Literary studies of Alash] (Almaty: Mektep, 2009, 560 p.). [in Kazakh]
5. Bokeykhan Alikhan. Shygarmalary [Works], XII. (Astana: Saryarqa baspasy, 2016, 564 p.). [in Kazakh]
6. Satbaev K. Algebra. Oqu quraly: 1924 [Algebra. Textbook: 1924] (Astana: EUU baspasy, 2009, 442 p.). [in Kazakh]
7. Tomohiko Uyama. Repression of Kazakh Intellectuals as a Sign of Weakness of Russian Imperial Rule. Cahiers du monde russe. [Electronic resource] - Available at: <https://doi.org/10.4000/monderusse.8216> (Accessed: 2015) [in French]
8. Aimauytov J. Psiqologia, zhan zhuyesi men oner tandau [Psychology, the system of the soul and the choice of art], IV. (Almaty: El-shejire, 2013, 384 p.). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Өскен Әсем Мақсатқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультеті, әдебиеттану мамандығының 3-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Oskan Asem Maksatkyzy – 3-year doctor student, Faculty of Philology, literary studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.